

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

Т. Рысқұлов ауданы.
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

Район Т. Рыскулова.
село Құлан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

28-09-2026 № 46-02-1830

**Т. Рысқұлов ауданының білім бөлім
бөліміне қарасты білім беру
ұйымдарының басшыларына**

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 25.09.2026 жылғы №01-03/963 хатына сәйкес 2025 жылдың қараша-желтоқсан айларында өткізілген «Мектептерге арналған PISA» халықаралық зерттеуі негізінде зерттеуге қатысқан білім беру ұйымдары бойынша жеке және топтық есепті жолдайды.

«Мектептерге арналған PISA» зерттеуінің негізгі мақсаты – жеке білім беру ұйымы деңгейіндегі білім сапасын сыртқы бағалау. ЭЫДҰ зерттеу қорытындылары бойынша 674 жеке және 151 топтық есеп дайындалған. Әр білім беру ұйымы есепті қазақ және орыс тілінде алады. Жеке есептер кемінде 42 оқушы қатысқан және қатысушылардың 80%-ы тестілеу сұрақтарына толық жауап берген білім беру ұйымдарына беріледі. Қалған білім беру ұйымдары белгілі бір критерийлер мен ұқсас сипаттамалары бойынша біріктіріліп, топтық есеп алады.

Т.Рысқұлов ауданы бойынша 2 жеке және 2 топтық есеп дайындалған. Есептер білім беру ұйымдарының тек жеке пайдалануы үшін беріледі, салыстырмалы рейтинг жасауға арналмаған. Білім беру ұйымдары есептерді өздерінің әлсіз, мықты жақтарын ескере отырып, оқыту сапасын жақсарту үшін жеке стратегияларын әзірлеу мақсатында қолдана алады. Есептің мазмұнын дұрыс түсіну және нәтижелерін дұрыс интерпретациялау мақсатында «Мектеп есебіне арналған оқырман нұсқаулығы» қоса жіберіледі.

Осыған орай, аталған материалды қосымшаға сәйкес зерттеуге қатысқан білім беру ұйымдары назарға алып жұмыс жүргізулеріңізді сұрайды.

Басшының м.а.

А. Базаркулова

Орындаған: Г.Жамалбекова
87710355799